

**БІЗДІҢ
АНЫҚТАМА**

Жылы: Тышқан (1972 жыл)
Жұлдызы: Тоқты (13 сәуір)
Сүйікті ісі: кітап оқу, ән айту
Ақыны: Төлеген Айбергенов
Жазушысы: Мұхтар Әуезов
Әншісі: Жамал Омарова,
Мақпал Жүнісова
Артисті: Әмина Өмірзақова
Тағамы: ет
Сусыны: қымыз
Өмірлік ұстанымы: Адалдық,
шындық, тазалық

Гүлмира САРИНА,
әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

МЕНИҢ ҮНІМДІ ЖӘНІБЕК КӘРМЕНОВТИҢ ӨЗІ ҰНАТҚАН ЕДІ

**Әнші алдымен қаражат көзін,
танылу жолын емес, тарих
алдындағы, ел алдындағы
жауапкершілігін ойлауы керек**

– Гүлмира апай, сіз, қазақ сахнасына өзіндік шеберлігімен, сазды да нәрлі өндерімен көрік беріп жүрген талаатты әншісіз. Бірақ неге сахнадан, телеарналардан көп көрінбейсіз. Әлде мұны өзіңіз қаламайсыз ба?

– Әрине, атадан қалған мұраны аманат қылып арқалап жүргеннен соң, өнерге жауапсыз қарауға болмайды. Ұстаз көріп, дәстүрі үзілмеген үлкен мектептен тәлім алғаннан кейін бе, әр қадамыңды аңдып басуға тырысасың. Ұлттық өнеріміздің мерейін көтеретін концерттерге шақырса, барынша әніммен атсалысуға тырысамын. Ал қазіргі күнде қаптап кеткен шоу-концерттер көбінесе ойнақы, жеңіл, шолақ әндерді орындай-тындарды іздейді. Мұндай концерттерге қызығушылығым да шамалы.

Шығармашылық жолыңды, өнердегі орныңды алдын ала зерттеп-зерделемей тұрып, танымастан «бағдарлама қонағы болыңыз» деп шақырып, болмайтын сұрақтарды қоятын тілшілер де болады. Телеарнаға бармас бұрын, алдымен шақырған журналистің ой-өресін сөзі арқылы байқаймын. Содан барып, келісіп-келіспеуге шешім қабылдаймын. Ойлы, салмақты, ұрпаққа тәрбиелік мәні бар кештер, бағдарламалар боп жатса, шақырылып жатсам, жоғарыда да айттым ғой, олардан тыс қалмауға тырысамын. Ал енді мән-мағынасы жоқ бағдарламаға қатысқанша, онан да ел аралап, шама келгенше халықтың алдында өзіңнің өнеріңді көрсетіп, халықпен шынайы жүздесіп қайтқаның мың есе артық. Бізге дейін де небір таланттар өткен ғой, телеарна-радиолардың жоқ кезінде де, халық мұрасын насихаттап, тарихта аттары қалған. Телеарна біреулерге танылудың құралы боп саналар. Өзім олай деп қарамаймын. Әншінің мақсаты – халыққа шынайы қызмет жасау, өнерін шынайы көрсету.

– Бір сұхбатыңызда: «Талантты әншілердің көбісі өзіне жарнама жасап, өнерін дәріптеуге аса құлық танытпайды» деген едіңіз. Сіз де өзіңізді аса жарнамаламайтын сияқтысыз...

– Біз – ең алдымен халық әндерін орындап, бізге дейін өткен таланттарды, тарихта қалған әншілерді, сол тұлғалардың шығармашылық жолын дәріптеушіміз. Сол асылдарымыздың әндерін кейінгі ұрпаққа жеткізушіміз. Өзімізді жарнамалаудан гөрі, бабадан қалған ән-мұрамызды, төл өнерімізді насихаттап, халыққа жеткізуді бірінші орынға қоямыз.

Ал енді өнер жолындағы басқан қадамымды, орындап жүрген әндерімді өз тыңдармандарыма әлеуметтік желі арқылы жеткізіп отырамын. Осыған дейін екі рет ұнтаспам шықты. Іздеген халық сұрап, өз қолымнан алып жатады. Екі жылдан бері өзімнің жеке сайтым да (www.gulmirasarina.kz) жұмыс жасап тұр. Сол сайт арқылы тыңдармандарымды өткен концерттеріммен, жаңа әндеріммен таныстырып отырамын. Өзімді жарнамалау үшін той іздеп, шоу құған емеспін.

– Өнерді бағалаушы қауымның біразы сіздің даусыңыз бен ән айту мәнеріңізді Жамал Омароваға ұқсас десе, енді біразы Рәбиға Есімжановамен ұқсастырады...